

САДЕНОВА АСЕЛЬ МАРАТОВНА

**Экономиканың инновациялық даму жағдайында шағын және орта
бизнесін несиелендіру мәселелері**

6N0508 – «Есеп және аудит»

мамандығы бойынша экономика ғылымдарының
магистрі академиялық дәрежесін ізденуге арналған
магистрлік жұмыстың

Авторефераты

Қазақстан Республикасы
Өскемен, 2011

Жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде (Өскемен қаласы) орындалды.

Ғылыми жетекшісі:

экономика ғылымдарының доценті Какимжанов З.Р.

Ресми оппоненті:

экономика ғылымдарының кандидаты Демесинов Т.Ж.

Қорғау 2011 жылы «23» маусымда сағат 9-00 ШҚМТУ-нің 6N0508 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес отырысында өткізіледі.

Мекен-жайы: 070004, Өскемен қ., Серікбаев көшесі 19, ШҚМТУ, ауд. ГЗ-216.

Магистрлік жұмыспен ШҚМТУ ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2011 жылы « » мамырда таратылды.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кез-келген қоғамда қаржы несиелік жүйесі экономиканың дамуы мен нығаюының негізі болып табылады. Нарықтық экономика жолын ұстанған Қазақстанда ШОБ-ті несиелендіруді дамыту, қазіргі таңда жүргізіліп отырған экономикалық реформаның басым бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан елімізде шағын және орта бизнестің даму барысына кедергі келтірмей, керісінше даму барысына ықпал ететін икемді қаржы-несиелік жүйесін қалыптастыру өзекті мәселелердің қатарында болып отыр. Осы тұста мемлекеттің атқаратын рөлі зор. Нарықтық экономикалы елдерде мемлекет экономикаға, шаруашылық жүргізуші субъектілердің іс-қызмет барысына заң кесімдері, салықтар, несиелер тәрізді құралдар арқылы араласады. Бұл өз кезегінде, ел экономикасының дамуына, ЖІӨ ұлғаюына, шағын бизнес субъектілері мен әртүрлі қаржы ұйымдары, екінші деңгейлі банктер арасында нарықтық қарым- қатнастың нығаюына әкеледі. Шағын және орта бизнесті дамытуда Үкімет тарапынан қабылданған заңдар мен нормативтік актілердің үлесі айтарлықтай, бұған қарамастан әр қабылданған заң өз орнын таппай отыр.

Қазақстан экономикасының дамуына, өсуіне, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі және тағы да басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді. Кейінгі жылдары елімізде кәсіпкерлікті дамытуға көбірек көңіл бөліне бастады. Шағын және орта бизнес дамуының бірден бір көзі несиелік болып табылады.

Бүгінгі таңда республикамызда дағдарыстан кейін экономиканы қайта құру жолында оның негізі болып табылатын кәсіпкерлік қатынастарды дамытып, жандандыру күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Кәсіпкерлікті дамыту – нарықтық экономиканы дамытудың кепілі. Сондықтан да кәсіпкерлік төңірегіндегі көптеген мәселелердің экономикадағы рөлінің аса маңыздылығын дәлелдейді. Сондықтан, шағын бизнесті дамытуды басқару еліміздің жүзеге асырып жатқан саясатының стратегиялық мәселесі болып табылады. Кәсіпкерлік қызметті еліміздің шаруашылық қызметінің жандандырғыш күші деп білуіміз қажет.

Магистерлік диссертацияның мақсаты мен міндеттері. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты еліміздегі шағын және орта бизнесті несиелендіруді дамытуды теориялық және әдістемелік жағынан зерттеу, оның жетілдіру жолдарын ұсыну.

Қойылған мақсаттарға сәйкес төмендегі міндеттерді шешу көзделеді:

– инновациялық экономика жағдайында шағын және орта бизнестің Қазақстан аумағында алатын орнын анықтау;

– кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекет тарапынан жүргізілетін қаржы-несиелік қолдау саясатына тоқталу, жалпы шағын және орта бизнестің дамуына талдау жүргізу;

– шағын және орта бизнес субъектілерін ЕДБ-дің және ШНҰ-дың несиелеу бағдарламаларын, шарттарын, негізгі кемшіліктерін және олардың дамуына кедергі болатын мәселелерді қарастыру;

– шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуді жетілдіруге байланысты ұсыныстар мен тұжырымдар жасау.

Зерттеу пәні. Инновациялық даму жағдайындағы шағын және орта бизнес пен мемлекеттегі несиелеу ұйымдар арасындағы қаржылық-несиелік қатынастардың жиынтығы.

Зерттеу объектісі. «Автооптика» ЖШС.

Теориялық және әдістемелік негізі. Берілген зерттеудің теориялық негізі шағын және орта бизнестің несиелік қарым-қатынастардың және шағын несиелеу саласындағы классиктер еңбектері, отандық ғылыми жұмыстарынан, аталмыш мәселеге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен қаулылары, ҚР Үкіметінің экономикалық бағдарламаларынан тұрады. Зерттеудің әдістемелік негізі өндіріс тиімділігін бағалау, қаржылық талдау, кәсіпорын қызметін талдау әдістері, жалпы ғылымдық жүйелі талдау әдістерінен, сонымен қатар бақылау, салыстырмалы талдау, статистикалық топтастыру, саралау тәрізді ғылыми таным әдістері қолданылды.

Ғылыми жаңалығы. Шағын және орта бизнесті несиелендірудің негізгі міндеті тәуекелді бағалау. Несиелік скоринг несиелік тәуекелді бағалаудың тағы бір жаңа тәсілі болып табылады. Ол несиелік тәртіп пен сандық мінездемелер арасындағы тарихи байланыстарды орната отырып, берілген байланыстар келешекте де сақталатып, ал содан кейін қарыз алуға үміткерлер мінездемелерінің негізінде болашақ тәуекелді болжайды. Скоринг мерзімі өткен қайтаруларды азайтады, сол арқылы мерзімі өткен қарыздарды жинауға жұмсалатын уақыт шығындарын қысқарта отырып тиімділік, қамту деңгейіне және өзін-өзі өтеуіне оң әсерін тигізеді.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдамалар:

– екінші деңгейдегі банктер шағын және орта бизнеске несиелер беру рәсімдерін оңайлату, несие беру мерзімдерін және пайыздық ставкаларды төмендету мәселелеріне қатысты өндірістік және инновациялық бейіндегі шағын және орта кәсіпорындарды одан әрі ынталандыруға бағытталған, шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдау шараларын әзірлеу;

– шағын несие ұйымдарының провизияларын салық салу базасынан шегеруді ұсыну арқылы ШНҰ-на салық салу тіртібін жетілдіру;

– шағын несие ұйымдардағы несиелік тәуекелді бағалаудың скоринг механизмін қолдануын ұсыну.

Зерттеу жұмысының сынамасы (апробациясы) және оның нәтижелерін енгізу. Магистерлік диссертацияның негізгі жағдайы студенттер, магистранттар, аспиранттар мен жас оқытушылардың Республикалық ғылыми-техникалық конференциясында (ШҚМТУ, 2011 ж. сәуір) талқыланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы. Орындаған зерттеу нәтижелері бойынша ШҚМТУ Хабаршысында мақалалар жарияланған.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Магистрлік жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыс мазмұны компьютерлік теру түрімен мәтіннің 107 бетінде баяндалған, 17 кестеден, 36 формуладан және 28 суреттен тұрады.

Негізгі бөлім

Магистрлық жұмыстың бірінші бөлімінде инновациялық экономика жағдайында шағын және орта бизнестің Қазақстан Республикасы аумағында алатын орны, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің дамуы және негізгі мәселелері, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету және шағын және орта бизнеске қатысты инновациялық жобаларды қаржыландыру қарастырылды.

Кез-келген мемлекет экономикасының негізгі тірегі шағын және орта бизнес екенін бүгінде мойындалған шындық. Нарықтық қатынастарға көшкен соңғы жиырма жыл көлемінде біздің де бұған көзіміз жеткен. Ішкі жалпы өнімнің 50 – 70 % шағын және орта бизнес үлесінде болмайынша, ел экономикасы тұрақтылығын толық сақтап, шикізат тәуелділігінен құтыла алмайды. Бұл қайсы мемлекеттің болмасын экономикасының басты алғышарты. Осыған қол жеткізуге бізде толық мүмкіндік бар, оның үстіне оған қабілетіміз де жететініне бүгінгі шыққан белестеріміз айғақ. Еліміздің ЖІӨ-гі шағын және орта бизнестің үлесі 2011 жылы 31,7 % құрады. ЖІӨ-ге қарағанда өз қызметін тоқтатқан шағын және орта бизнес субъектілерінің мөлшері 2009 жылы 19,5 % құрады, ал 2010 жылы 20 % жоғары емес. Шағын және орта бизнес өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы сәйкесінше 7 %-дан 10 %-ға дейін жоғарылады. Дүниежүзілік Банктердің «Бизнесті жүргізу жеңілдігі» атты рейтингі бойынша 2009 жылы 62 орында, 2010 жылы 63 орында және 2011 жылы 64 орында тұрмыз. Бизнес үшін ең өзекті саналатын осы өзгерістер бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен, экономика дамуының өзегі болып келесі көрсеткіштерді өзгерту деп шешті: ЖІӨ кемінде 7 трлн. теңгеге, 2009 жылғы ЖІӨ-нің шамамен 50 %-на, нақты мәнде ЖІӨ-нің өсімі 15 %-ын құрайды; ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін кемінде 12,5 % деңгейіне дейін; шикізаттық емес экспорт үлесін экспорттың жалпы көлемінің кемінде 40 %-ы деңгейіне дейін; шикізаттық емес экспорт көлемін өңдеуші өнеркәсіптің жиынтық өндіріс көлемінің кемінде 43 %-ы деңгейіне дейін; өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін кемінде 1,5 есеге; агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға 3000 АҚШ долларынан бастап кемінде 2 есеге; мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, ұлттық басқарушы холдингінің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың тауарларды

сатып алуда қазақстандық қамту үлесін – 60 %-ға дейін, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда 90 %-ға дейін; инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санының 10 %-на дейін ұлғайту. Ал шикізаттық емес сектордың өзіндік құнының құрылымындағы көлік шығыстарының үлесін кемінде 8 %-ға; ЖІӨ-нің энергия қажетсінуін 2009 жылғы деңгейден кемінде 10 %-ға азайту.

ШОБ-те экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық мәселерді шешудегі өсу қарқынына қарағанда ШОБ-тің артықшылықтары мен кемшіліктері де бар. Оларды келесі кестеден көруге болады.

Кесте 1

ШОБ-тің артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары	Кемшіліктері
ШОБ ұйымына үлкен көлемдегі өндіріс пен қызметкерлер саны талап етілмейді	Едәуір жоғары тәуекел деңгейінің нәтижесінде нарықтағы тұрақсыз жағдайға әкелуі
Маркетингтік зерттеулер нәтижесінде нақты тұтынушылар тапсырмасын өндіру және орындауы	Құқықтық базасының толық жетілмеуіне шетел нарығына шығу ауырлықтары
Қосымша жұмыс орынмен қамтамасыз ету мүмкіндігі, жұмыссыздық деңгейін төмендету, халық әл-ауқатын жоғарылату	Ірі кәсіпорындармен тығыз байланыстың нәтижесіндегі нарықтағы тұрақсыз жағдайға әкелуі
Экономикадағы мемлекеттік сектордың төмен пайдалы және шығынды кәсіпорындардың сатып алу немесе жалға алу нәтижесінде босатылуы	Жоғары салықтар, жалға алынған ғимарат үшін төленетін ақының жоғарлануы
Тез аралық қызмет нәтижесіне жету мүмкіндігі бар	
ШОК субъектілерін жергілікті нарық сұраныс деңгейін толық білулері	
Салынған қаражаттардың жоғары айналымдылығы	
Қабылданған шешімдерді жүзеге асыру икемділігі мен оперативтілігі	

2010 жылғы 29 – шы қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы «Кәсіпкерлік – жаңа экономиканың қозғаушы күші» тармағында – әртараптандырудың өзегі кәсіпкерлік болады. Біз тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа нарықтарды игеруге, инновациялар ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер табын көргіміз келеді. Нақ осы кәсіпкерлер экономиканы

жаңғыртудың қозғаушы күші болып табылатыны делінген. Осыған байланысты Үкімет 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізіп, оны “Бизнестің жол картасы – 2020” деп айтылған. Бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады.

“Бизнестің жол картасы – 2020” кәсіпкерлер үшін де, сол секілді банктер мен инвесторлар үшін де шикізаттық емес жобаларды қаржыландыру жөнінен жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ресми статистика деректері бойынша республикада осы сектор дамуының оң серпіні, шағын және орта бизнес субъектілерінің тұрақты өсуі байқалып отыр.

“Бизнестің жол картасы – 2020” бағдарлама қаражатын пайдаланудың негізгі бағыттарының жүзеге асырылуы 1-ші суретте көрсетілген.

Шағын кәсіпкерлік республика экономикасында, оның ішінде Шығыс Қазақстан облысында үлкен орын алады. Бүгінгі таңда ол айтарлықтай мықты экономикалық және саяси күшке ие. Шағын кәсіпкерлік, нарықты тауарлармен және қызметтермен жабдықтауға, дұрыс бәсекенің өсуіне көмектесе отырып, экономиканың жақсы дамуының индикаторларының бірі болып табылады. Оның кейінгі бірнеше жылдағы динамикасы, бұл сектордың бастапқы кезеңінен даму кезеңіне көшкендігін көрсетіп отыр.



Сурет 1. “Бизнестің жол картасы – 2020” қаражатын пайдаланудың негізгі бағыттарының жүзеге асырылуы

Шығыс Қазақстан облысындағы шағын және орта бизнестің ахуалы мен дамуына тоқтала кететін болсақ. Нарықтық экономика жағдайында ШОБ-тің ойдағыдай біркелкі дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызып қана қоймай, нарықтың қалыпты дамуына, монополизмнің орнауына жол бермеуге мүмкіндік туындатады. ШҚО-дағы шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу мәселесін талдау үшін, ең бірінші жалпы ШОБ секторының дамуын талдау қажет. ШОК-тің 2007-2011 жылдар

аралығындағы ШОБ секторының даму барысын келесі 2-ші кестеден көруге болады.

Кесте 2
ШҚО-дағы 2007-2011 ж. ж. ШОБ секторының даму барысы


Көрсеткіш тер	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2011 ж / 2010 ж салыстыр ғандағы қатынасы есе
ШОБ субъекті-лерінің саны, бірлік	59048	68386	68560	68581	69119	1,01
Жұмыспен қамту дегейі, мың адам	153350	168112	186039	184951	185889	1,01
Өнім шығарылымы, млрд. тг.	105355	118031	142706	167380	180056	1,08
ШОБ субъекті-лерінің өнім шығарылымының ЖІӨ-гі үлесі, %	40,5	35,8	34,6	31,2	31,7	1,02

2011 жылдың 1 қаңтарына облыста 69119 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелсе, 2010 жылы бұл көрсеткіш 1,01 есеге артық. Ағымдағы жылдағы ШОБ субъектілерінің ішінде заңды тұлғалар үлесі 7,8 %, жеке кәсіпкерлер үлесі 69,9 % және шаруа қожалықтары 22,3 % үлес салмағын қамтыды. Аталмыш кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны 2011 жылы 185 889 мың адам құрады, ал 2010 жылға қарағанда 1,01 есеге артқан. 2011 жылы ШҚС 180,1 млрд теңгеге өнім өндірді, бұл 2010 жылға қарағанда 1,08 есеге өскен. ШҚС-нің ЖІӨ-гі үлесі 1,02 есеге жоғарылады, яғни 2011 жылы бұл көрсеткіш 31,7 %, ал 2010 жылы 31,2 % құрады.

Сонымен, соңғы екі жылдың ішінде ШОБ субъектілер қызметінің негізгі көрсеткіштерінің өзгеруін 2-ші суреттен көруге болады.

Қазіргі кезеңдегі ұлттық шаруашылықты қайта қалыптастырудың басты мәселелерінің бірі – экономиканың ШОБ саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды – инновациялық дамуға үлкен мән беру болып табылады. Өз кезегінде, инновациялық қызметтің нәтижелігі белгілі бір

дәрежеде бірегей инновациялық саясатты әзірлеуге және кешен ұйымдарының инновациялық белсенділік деңгейіне байланысты болады.



Сурет 2. ШОБ субъектілер қызметінің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

Қазіргі кезеңдегі ұлттық шаруашылықты қайта қалыптастырудың басты мәселелерінің бірі – экономиканың ШОБ саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды – инновациялық дамуға үлкен мән беру болып табылады. Өз кезегінде, инновациялық қызметтің нәтижелігі белгілі бір дәрежеде бірегей инновациялық саясатты әзірлеуге және кешен ұйымдарының инновациялық белсенділік деңгейіне байланысты болады.

Барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындарда өз қызметін жүзеге асыру және пайда алу барысында қарыз қаражаттарын тарту қажеттілігі туындайды. Қаражаттарды тартудың ең таралған нысаны несие келісімшарты бойынша банктік ссуданы алуы болып табылады.

Екінші бөлімде сол шағын және орта бизнес субъектісінің «Автооптика» ЖШС-нің толық қаржылық талдауы жүргізілген және сол ШБС-нің ЕДБ-ден несие алу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен, ЕДБ-дің ШБС-дің несиелендіру процесін қарастыру нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады: іс-жүзінде қазақстандық коммерциялық банктер шағын кәсіпкерлікті несиелендіруде кертартпалық саясатты ұстанады.

Магистрлық жұмыстың үшінші бөлімінде ШОБ-тің несиелендіру жолдарын жетілдірудің теориялық және әдістемелік талдаулар мен ұсыныстар жасалынды.

Кәсіпкерлік қызметтегі несиелеуді жетілдіру жолдары негізінен банктік қызметпен және қаржы – несиелік мекемелердің қызметтерімен тікелей байланысты. Себебі, қазіргі қызметпен экономикалық даму кезеңінде кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру, оны әрі қарай дамыту қаржыландыруға

келіп тіреледі. Қазақстан Республикасы банктерінің экономика салаларын несиелеумен қанағаттандырылуы әліде болса төмен деңгейде.

Бұл пайыздық мөлшерлеменің жоғары екендігін куәландырады. Қазақстан экономикасы шағын және орта кәсіпкерліктен құралғандықтан, олардың несие алудағы пайыздық мөлшерлеме нақтыдан төмен болса әлдеқайда жақсы болар еді. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындарға несие беру әлдеқайда қатаңдау болып келеді. Себебі, несие кепілмен қамтамасыз етілуі қажет. Банк жағынан несие берудегі тәуекел аса үлкен болып тұр. Сондықтан, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпкерлерге беретін несиенің пайыздық мөлшерлемесі жоғары болып отыр. Сондықтан, нарықтық экономика жағдайында шағын және орта кәсіпорындар несиеге деген қажеттілігін қанағаттандыра алмай отыр. Бұндай кемшіліктерді жеңу үшін мемлекетіміздің қаржы институттары арнайы механизм құруы қажет. Несиелеудің мұндай механизмі барлық жақтардың қызығушылығын қанағаттандыруы қажет. Банктер мен қаржы-несиелік мекемелердің қызығушылығы несиелік тәуекелді төмендету болса, кәсіпкердің қызығушылығы несие алудың жеңілдігі және пайыз мөлшерлемесінің төмен болуына бағытталған.

Бүгінде екінші деңгейлі банктерден несие алу біршама қиындықтар тудырады. Несие бойынша пайыз жоғары ставкамен берілуде және банктердің тәуекелді клиенттерімен қарым-қатынас орнатпауы, тапсырылатын құжаттардың көптігі т.б.

Шағын несие ұйымдарының банктерден артықшылығы, бұнда менеджментке жұмсалатын шығындардың төмен болуы. Жаңа заңдардың қабылдануы ШНҰ-нің құрылуына, жарғылық капиталының минималдық көлемін төлеу арқылы біршама мүмкіндік береді.

ЕДБ-дің және ШНҰ-дың ШОБ субъектілерін несиелеудегі өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың салыстырмалы кестесі төменде берілген.

Кесте 3

ШНҰ субъектілерінің және ЕДБ-дің несиелендіру шарттарының салыстырмалы сипаттамасы

Критерий	Банк	Несиелік серіктестік	Шағын несиелік ұйым
1	2	3	4
Мәні	Банк – бұл ақшалай қаражаттарды тартумен және бұл қаражаттарды қайтарымдылық, төлемділік және жеделділік жағдайында өз атында орналастырумен айналысатын заңды тұлға	Несиелік серіктестік – өзінің қатысушыларының сұранысын қанағаттандыру үшін құрылған заңды тұлға	Шағын несиелік ұйым (ШНҰ) – шағын несиелерді ұсынатын заңды тұлға
Ұйым түрі	Акционерлік қоғам	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік	Коммерц/к ШНҰ – ЖШС, коммерц/к емес ШНҰ–қоғамдық қорлар

3-ші кестенің жалғасы

1	2	3	4
Несиелендіру бағыты	ҚР экономика салаларын, жеке кәсіпкерлерді, орта және ірі бизнес субъектілерін несиелеу	Тек бұл несиелік серіктестік қатысушалрын несиелеу	Қызметін жаңа бастаған және қызмет істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерін және халықтың аз қамтамасыздырылған деңгейін несиелеу
Несие түрі	Жеке	Жеке	Жеке, топтық, жеке-тұтынушылық
Несие мерзімі	Қысқа мерзімді 1-3 жылға, орта мерзімді 3-5 жылға, ұзақ мерзімді 5 жылдан артық	Қысқа мерзімді 1-3 жылға	1 жылға дейін
Несиенің қамсыздандыруы	Қозғалмайтын, қозғалмалы мүлік	Кепілдік түрінде қатысушылардың міндетті жарналарын алуға болады	Несиелендірудің кепілсіз түрін таңдау мүмкіндігі
Бақылау	Жоғары	Толық емес	Тек тіркелу

Жоғарыда көрсетілген салыстыру негізінде шағын несиелеудің мәні мен ерекшеліктері тек ШНҰ-ның қызметінде ғана айқын көрсетілген. Шағын несиелеудің мәні мен ерекшелігін ашу негізінде оған келесі қағидаларды жатқызуға болады:

- шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау;
- халықтың кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға ынталандыру;
- шағын несиелерді мақсаттылық, жеделділік, төлемділік және қамтамасыз ету қағидалар негізінде ұсыну қаржылық қызмет көрсетудің бұл түрінің тиімділігін қамтамасыз ету шарты болып табылады;
- халықты капиталдың көлеңкелі қаржылық айналымынан алаңдату және оның экономикалық сауаттылығын жоғарылату;
- шағын несиелік механизмін жетілдіру, жаңа қызмет көрсетулерді құру, бәсекені және оған қатысушылардың транспаренттілігін арттыру жолымен шағын несиелеу нарығының дамуын қолдау.

2011 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда ШНҰ-дің саны 3 ұйымға көбейді, соның ішінде Өскемен қаласында 14 ұйым орналасқан. 2007 жылдан бері ШНҰ-дің саны 24 бірлікке көбейді, соның ішіндегі Өскемен қаласындағы ШНҰ 7 бірлікке артты.

ШҚО бойынша ШНҰ-дың шағын және орта бизнеске берген несиелердің көлемі қарастырған кезең ішінде 239 217 мың теңгеге ұлғайды, кредиттік серіктестіктердің берген несиелері 20265 мың теңгеге азайды.

Қазақстандағы ШНҰ-дың даму тенденцияларына қарай, олардың қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, мамандырылған қауымдастық –

Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдардың Ассоциациясы (ҚШҚҰА) жағынан ШНҰ қызметінің мониторинг моделін енгізу ұсынылады.

ҚШҚҰА мониторинг және эксперттік қорытындыларды жасау, соның ішінде ШНҰ-дың саясаты мен процедуралардың заң нормаларына сәйкестікті тексеру қызметтерін кіріктіру қажет. Бұл шарттарға сәйкес келмей немесе ҚШҚҰА-ның ұсыныстарын бұзу жағдайларында, Ассоциация бұл шағын несиелік ұйымның қаржылық нарықтағы қызметін тоқтата алады, әрине сәйкес органдарының көмегімен.

Мониторинг шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіншілік жасайды, жұмыс сапасын жақсартады және жаңа тұрақты ШНҰ-ды құруды тездетеді, өйткені тек осындай жағдайда ғана шектеулі қаржылық жағдайларымен клиенттерге жаппай және тұрақты шағын несиелік қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға болады.

Сонымен, шағын және орта бизнес дамуына кедергі болатын мәселелерді келесі 3-ші суреттегідей көрсетуге болады.



Сурет 3. ҚР-дағы ШОБ-тің несиелік тартудағы кездесетін мәселелер

Шағын және орта кәсіпорындардың капиталдық басқару мәселесін шешу үшін ұлттық банк мынандай шараларды іске асыру керек. Орта және шағын кәсіпорындарын қаржыландыру ортасын жақсарту керек. Ұлттық банк әрбір коммерциялық банктерде орта және шағын кәсіпорындарға несиені беретін кабинетін ашуды талап ету керек. Сондай-ақ орта және шағын кәсіпорындарға беретін несиесін арттыру керек.

Шағын қаржыландырудың дамуындағы негізгі кедергілері болып шағын несиені ұйымдары мен несиені серіктестіктерінің күдікті талаптарының танылмауы сияқты салық салу бойынша жеке жағдайлар табылады. Коммерциялық банктерге рұқсат етілген сияқты шағын несиені ұйымдарының провизияларын салық салу базасынан шегеруді ұсыну арқылы ШНҰ мен ШОБ және халықты қаржыландыруын кеңейту бойынша қызметі ынталандырылады.

Шағын несиелендірудің негізгі міндеті тәуекелді бағалау, басқаша айтқанда, дәулетсіз, өз бизнесімен айналысатын кәсіпкерлер өз қарызын уақытында төлеу-төлемеуі. Несиелік скоринг несиелік тәуекелді бағалаудың тағы бір жаңа тәсілі болып табылады. Ол несиелік тәртіп пен сандық мінездемелер арасындағы тарихи байланыстарды орната отырып, берілген байланыстар келешекте де сақталатып, ал содан кейін қарыз алуға үміткерлер мінездемелерінің негізінде болашақ тәуекелді болжайды. 4-ші суретте скорингті пайдаланатын шағын несиені ұйымының әдеттегі бағалау процесі көрсетілген.


Айтарлықтай масштабтарға жеткен, басқару құрылымы байыпты және теңбе-тең электронды базасы бар кейбір несиені ұйымдары үшін скоринг шындығында тиімділігін жоғарылатуы мүмкін, және сол арқылы аз қамтылған халықты кеңінен қамтуға, сондай-ақ ұйымның өзін-өзі өтеуін жоғарылатуға көмектеседі.

Ағымдағы мінездемелер негізінде осы мінездемелер мен тәуекел арасындағы өткен байланыстар туралы ақпаратты пайдалану арқылы болашақтағы тәуекелді болжаудың кез-келген тәсілі скоринг деп аталады.

Скорингтің кемшілігі оның жаңалығында; өте аздаған шағын несиені ұйымдары оны тестілеуге үлгерді. Несиені қызметкерлерге тәуекелді бағалауға көмектесу мақсатында мәліметтер базасын пайдалану шағын қаржыландыруда шешуші болып табылатын негізгі инновацияларға қарсы келеді. Статистикалық скорингті білдіретін жүйелік өзгерістердің қабылдануы үшін оқыту мен жетілдірудің ұзақ мерзімі, сондай-ақ болжамдардың дәлдігін үнемі жария етіп отыру қажет.

Шағын несиелеудегі скорингтің пайдаланылуы шектеулі, себебі ол өткен қарыздардың көптеген саны бойынша төлем тәртібі, сондай-ақ клиент пен несиені шартының барлық мінездемелері тіркелген электронды мәліметтер базасын қажет етеді. Одан басқа бұл мәліметтер жеткілікті түрде нақты болуы қажет. Кейбір шағын несиенігерлер өздерінің күнделікті портфелін басқару барысында жеткілікті мәліметтер қорын жинақтады. Бірақ көбісінде электронды мәліметтер базасы жоқ, әрбір қарыз бойынша жеткілікті ақпаратты жазбайды немесе нақты мәліметтердің жазбасын жүргізбейді. Статистикалық

скоринг сандық мінездемелерден басқасының ешқайсысын елемейді. Ал, субъективті скоринг, өз кезегінде, сапалық мінездемелерге негізделеді.



Сурет 4. Шағын несие ұйымдарының тәуекелдерді бағалауының скорингтік механизмі

Скорингтің артықшылықтары арасында – қарыздар бойынша жоғалтуларды азайту, мерзімі өткен төлемдерді жинауға уақытты үнемдеу және жетекшілерге көмек ретінде ашық сандық талдау дағдыларын машықтандыру, әдетке айналдыру.

Қорытынды

Зерттеу жұмысты жаза отырып, Қазақстандағы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуді дамыту мен жетілдіру мәселелеріне байланысты теориялық және әдістемелік зерттеулер негізінде келесідей тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға болады.

1. Шағын бизнес экономикалық өсудің басты факторы екендігі анық, олай болса оны неге әлемдік деңгейге көтермеске. Сондай ақ шағын және орта бизнес өзінен өзі дамитын механизм емес, оған әрине мемлекет, қоғам, әрбір тұлға жағдай жасауға талпынулары қажет. Өйткені еліміздің жерінің өте үлкен аймақтарды алып жатуына байланысты шағын бизнесті дамыту мүмкіндігі мен қажеттігі ешкімнің қарсылығын туғызбауы керек.

2. Қазақстанда кеңінен орын алып келе жатқан шағын бизнесті шетелдік банктердің көмегімен банктер және әртүрлі шағын және орта бизнесті дамыту қорлары арқылы, мысалы ЕДҚБ-нің бастамасымен, ҚР-да шетел инвесторларының шағын бизнесті көтеру бағдарламасына, оның тәртібіне тоқталып олардың қызметіндегі тәжірибелік материалдар талданылды.

3. Бәсекелестікті дамыту мәселесі кәсіпкерлікті дамытуда басты мақсат болуы қажет. Шағын және орта бизнестің ірі кәсіпорындармен ынтымақтастығына ықпал ететін әкімшілік және нормативті алғышарттарды құру қажет. Ол келешекте ірі кәсіпорындардың кіші бизнестің «тапсырушысы және локомотиві» қызметін атқаруға мүмкіндік тудырады. Мемлекеттің қатысуымен жеке корпорацияларды құру және соның негізінде ірі аймақтық холдингтерді құру аймақты даму мақсатында инвестицияларды тарту мүмкіндігін тудырады.

4. Банктердің ШОБ-ке несие ұсынуының тиімділігін арттыру негізінде ынталылығын көтермелеу үшін, несиелердің қайтарылмау ықтималдығын, олардың жоғары тәуекелге баруын төмендету шараларын жасаған жөн. Оның астарында қарыз алушы – шағын бизнестің тұрақты жұмыс жасауымен қатар өз бизнесін жандандыру мақсатында несие алуы, және оны уақытында қайтару процестері ғылыми дәрежеде зерттелінген. Осы секторды көтермелеу арқылы өндірісті жандандыру, оның ішінде Қазақстан экономикасының сыртқы тәуекелділігін қысқарту мен отандық тауар өндірушілерді қолдау экономика саясатының басымды бағыты болып табылады.

5. Қазақстандағы ШНҰ-дың даму тенденцияларына қарай, олардың қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, мамандырылған қауымдастық – Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдардың Ассоциациясы жағынан ШНҰ қызметінің мониторинг моделін енгізу ұсынылады. Мониторинг шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіншілік жасайды, жұмыс сапасын жақсартады және жаңа тұрақты ШНҰ-ды құруды тездетеді, өйткені тек осындай жағдайда ғана шектеулі қаржылық жағдайларымен клиенттерге жаппай және тұрақты шағын несие қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға болады.

6. ШНҰ-ды қаржыландырудың балама көздері ретінде облигацияларды шығару арқылы жеке капиталды тарту мәселесін қарастыру ұсынылады. Заң

жүзінде облигацияларды шығаруға ЖШС түрінде ұйымдастырылған заңды тұлғаларға рұқсат етілген. Бірақ, өкінішке орай, берілген ереже ШНҰ-на қатысты емес. Мұндай жалпы тыйым салмай, облигациялар шығару арқылы ШНҰ-на қаражаттарын толтыру мүмкіндіктерін ұсыну бойынша талаптарды қарастыру және қабылдау қажет сияқты. Облигацияларды шығару қаражаттарды ішкі көздерден тартуды белсендіруге және шағын несие ұйымдарын қаржыландыру мәселесін шешуге көмектеседі.

7. Шағын несиелендірудің негізгі міндеті тәуекелді бағалау, басқаша айтқанда, дәулетсіз, өз бизнесімен айналысатын кәсіпкерлер өз қарызын уақытында төлеу-төлемеуі. Несиелік скоринг несиелік тәуекелді бағалаудың тағы бір жаңа тәсілі болып табылады. Ол несиелік тәртіп пен сандық мінездемелер арасындағы тарихи байланыстарды орната отырып, берілген байланыстар келешекте де сақталатып, ал содан кейін қарыз алуға үміткерлер мінездемелерінің негізінде болашақ тәуекелді болжайды. Скоринг, шындығында, мерзімі өткен қайтаруларды азайтады, сол арқылы мерзімі өткен қарыздарды жинауға жұмсалатын уақыт шығындарын қысқарта отырып тиімділік, қамту деңгейіне және өзін-өзі өтеуіне оң әсерін тигізеді. Осының негізінде шағын несие ұйымдарының тәуекелдерді бағалауының скоринг механизмі ұсынылады.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес, ШОБ қалыпты өркендеуші экономика жағдайларында сәйкесті мемлекеттік қолдаумен барынша жемісті жұмыс жасайды. Қазақстанда қалыптасқан әлемдік тенденцияларға қарамастан, берілген процестер толық шамада өзінің бекітілуін таппауда.

Қарастырылған кезеңде, шағын және орта кәсіпкерлік секторында жұмыспен қамтылғандардың өсуіне қатынасы бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының басып озып өсу тенденциясы сақталынған.

Шағын және орта бизнестің негізгі параметрлерінің динамикасын талдау іскерлік белсенділіктің біраз төмендегенін көрсетеді. Бұл жалпы экономиканың өркендеуімен байланысты. Шағын және орта бизнес секторларымен байланысты әртүрлі факторлармен шартталған.

Бұл жағдайды талдау шағын және орта кәсіпкерліктің өркендеу тенденциясы экономиканың негізгі салаларында, осы салалар үшін сипатты жалпы тенденциялармен дәл келетінін куәлендіреді. Сондықтан, экономиканың нақты секторының өсу қарқынының төмендеуі шағын және орта кәсіпкерлік секторындағы өсу қарқынының төмендеуіне әкеледі.

ШОК-тің өркендеуіне кедергі жасайтын басқа факторларға жататындар: аралық тұтыну өнімдеріне бағаның өсуі және өндірістік сипатты қызмет көрсетудің бағасының өсуі, және де энергия мен тұрмыс – коммуналдық қызметке тарифтің өсуі.

Көрсетілген проблемалардың оң шешілуі сәйкес нормативті – заңды актілерге конструктивті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді және қажетті жоспарлы және нұсқаулы-әдістемелік, ұйымдастыру-өкімді құжаттарды әзірлеуге мүмкіндік береді, бұл ШОБ инфрақұрылымына қатысты сәйкес заңдар мен бағдарламалар шешімін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған
ғылыми еңбектердің тізімі**

1 Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру мәселелері // Студенттер, магистранттар, аспиранттар мен жас оқытушылардың Республикалық ғылыми-техникалық конференция, 21-22 сәуір. – Өскемен: Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ, 2011. – Б. 150-152.

2 Шағын бизнесті несиелендіру механизмін талдау // Студенттер, магистранттар, аспиранттар мен жас оқытушылардың Республикалық ғылыми-техникалық конференция, 21-22 сәуір. – Өскемен: Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ, 2011. – Б. 152-154.

Резюме

Саденова Асель Маратовна

ПРОБЛЕМЫ КРЕДИТОВАНИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

Реферат диссертации на соискание академической степени магистра экономических наук по специальности 6N0508 – «Учет и аудит»

Актуальность темы исследования. В любом финансовом обществе кредитная система является основой для развития экономики страны. Как и во многих странах с переходной экономикой, развитие малого и среднего бизнеса рассматривалось в качестве одного из наиболее эффективных методов повышения уровня жизни населения. При этом ключевым компонентом выступало кредитование.

Важность данного исследования заключается в том, что в сложившихся условиях банковские кредиты остаются недоступными для малого и среднего бизнеса, которые в свою очередь, создают предпосылки для дальнейшего развития кредитования.

Актуальность темы диссертации определяется также тем, что путем изучения проблем современного функционирования системы кредитования малого и среднего бизнеса выявлена необходимость совершенствования механизма кредитования.

Объект исследования – ТОО «Автооптика».

Цели и задачи исследования – целью магистерской работы является анализ проблем кредитования малого и среднего бизнеса в Казахстане. Для осуществления этой цели в диссертации решаются следующие задачи:

- показать роль малого и среднего бизнеса в условиях инновационного развития экономики Казахстана
- рассмотреть финансово-кредитную поддержку малого и среднего бизнеса со стороны государства, провести исследования общего развития предпринимательства и проблем его кредитования;
- произвести сравнительный анализ условий, программ кредитования, основных недостатков в развитии кредитования малого и среднего бизнеса банками второго уровня и микрокредитными организациями;
- сделать выводы и предложения по совершенствованию кредитования малого и среднего бизнеса.

Методология и методы исследования. Методология исследования базируется на выработанных экономической наукой представлениях о необходимости государственной поддержки малого и среднего бизнеса, сущности кредита, его функциях и принципах кредитования. Все эти положения объединены методологией системно-функционального подхода к исследованию вопроса о необходимости кредитования МСБ. В процессе над

магистерской работы были использованы методы финансового, экономического, сравнительного, статистического анализа.

Информационной базой исследования послужили отчетные материалы и статистические данные по Восточно-Казахстанской области. В работе широко использованы законодательные и нормативные акты Республики Казахстан (Национальные программы, Законы, Указы Президента Республики Казахстан, Постановления Правительства Республики Казахстан).

Научная новизна исследования: разработана оценка риска методом кредитного скоринга для совершенствования механизма микрокредитования.

Основные положения, выносимые на защиту:

– разработаны рекомендации по кредитованию малого и среднего бизнеса банками второго уровня, в частности упрощения процесса кредитования, снижение сроков кредитования и процентных ставок;

– разработаны пути развития деятельности микрокредитных организаций, направленные на расширение источников финансирования и оптимизацию процесса налогового регулирования;

– разработана оценка риска методом кредитного скоринга для совершенствования механизма микрокредитования.

Научно-практическая значимость исследования: заключается в комплексном изучении состояния системы кредитования малого и среднего бизнеса в Казахстане при определении особенностей его развития, внесении предложения по выработке рекомендаций по улучшению механизма кредитования, определению направлений совершенствования кредитования малого и среднего бизнеса в Казахстане. Основные положения и результаты работы могут быть применены при управлении микрокредитными организациями, при разработке учебно-методических пособий и рекомендаций, связанных с финансово-кредитной деятельностью.

Summary

Assel M.Sadenova

PROBLEMS OF CREDITING OF SMALL AND AVERAGE BUSINESS IN THE CONDITIONS OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF ECONOMY

Summary of thesis for the academic degree of Master of economic sciences, specialty 6N0508 - «Accounting and audit»

Relevance of the research topic. In any financial society the credit system is a basis for national economy development. As well as in many countries with economy, development of small and average business was considered as one of the most effective methods of increase of a standard of living of the population. Thus as a key component crediting acted.

Importance of the given research consists that at this conjuncture banking credits remain not for small and average business which in turn, create preconditions for the further development of crediting.

The urgency of a theme of the dissertation is defined also by that by studying of problems of modern functioning of system of crediting of small and average business necessity of perfection of the mechanism of crediting is revealed.

The aims and objectives of the study – limited liability company "Autooptics". The purpose of scientific work is the analysis of problems of crediting of small and average business in Kazakhstan. For realization of this purpose in the dissertation following problems are solved:

- to show a role of small and average business in the conditions of innovative development of economy of Kazakhstan

- to consider financially-credit support of small and average business from the state, to conduct researches of the general development of business and problems of its crediting;

- to make the comparative analysis of conditions, programs of crediting, the basic lacks of development of crediting of small and average business by banks of the second level and the microcredit organizations;

- to draw conclusions and offers on perfection of crediting of small and average business.

Methodology and research methods. The research methodology is based on the representations developed by an economic science about necessity of the state support of small and average business, essence of the credit, its functions and crediting principles. All these positions are united by methodology of the systemic-functional approach to research of a question on necessity of crediting of small and average business. In process over scientific works have been used methods of the financial, economic, comparative, statistical analysis.

The information base studies served as the records and statistics on the East Kazakhstan region. The paper is widely used in legislative and regulatory acts of the Republic of Kazakhstan (National Programs, Laws, Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan Government Decree of the Republic of Kazakhstan).

Scientific newness of the study: By method credit quicking the estimation of risk is developed for perfection of the mechanism of microcrediting.

The main provisions for the defense:

– recommendations about crediting of small and average business by banks of the second level, in particular simplifications of process of crediting, decrease in terms of crediting and interest rates are developed;

– ways of development of activity of the microcredit organizations, directed on expansion of sources of financing and optimization of process of tax regulation are developed;

– by a method credit quicking the estimation of risk is developed for perfection of the mechanism of microcrediting.

Scientific and practical significance of the study: consists in complex studying of a condition of system of crediting of small and average business in Kazakhstan at definition of features of its development, offer entering after development of recommendations about improvement of the mechanism of crediting, definition of directions of perfection of crediting of small and average business in Kazakhstan. Substantive provisions and results of work can be applied at management of the microcredit organizations, by working out of uchebno-methodical grants and the recommendations connected with financially-credit activity.